

## ҚАРЛАГ МУЗЕЙІНЕ ЭКСКУРСИЯ ЖАЙЫНДА ЕСЕП

**05.11.2022 ж.** Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың Энергетика, автоматика, телекоммуникациялар, Инновациялық технологиялар факультеттерінің 1 курс студенттері (барлығы 50), «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. А.Е. Даниярова Долинка поселкесіндегі Қарлаг музейіне экскурсияға барды. Студент жастарға патриоттық тәрбие беру, туған өлке тарихын тереңірек білу, Қазақстан тарихының қасіретті оқиғаларының себептерін білу, оқып үйрену мақсатында экскурсияны «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті С.С. Касимова ұйымдастырды. Музей Қарағанды еңбекпен түзеу лагері тарихының ескерткіштерін зерттеу және сақтау және сталиндік саяси қуғын-сүргін саясатының жазықсыз құрбандарына тағзым ету, есте қалдыру мақсатында құрылған. Музей қызметкері студенттерге КСРО-дағы 20-30-жылдарда жүргізілген сталиндік жаппай қуғын-сүргін саясаты құрбандарының, Қазақстанға депортацияланған халықтардың қасіретті тағдырлары туралы баяндады. Қарлагтың қабырғасында ғылым мен мәдениеттің атақты адамдары А.Н. Чижевский, Н. Сац, Л. Русланова және т.б. жазықсыз отырды. Жалпы алғанда Қарлаг тұтқындары Ұлы Отан соғысы жылдарында фашизмді жеңуге үлкен үлес қосты.

Сонымен қатар студенттер тұтқындарға арналған камера, комендатура залдарында болып, экспонаттармен танысты. Экскурсиядан студенттер үлкен әсермен оралды. Осындай іс-шаралар жастарды туған өлке тарихын тереңірек біліп қана қоймай, өткенге құрметпен қарауға тәрбиелейді.



